

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі»  
ММ «Дөң мектеп-гимназиясы» КММ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін  
ішкі талдау нәтижелері бойынша ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Дөң ауылы

2022 жылғы 17 сәуір

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ «Дөң мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 65/1 н/к бұйрығы негізінде жүргізілді.

**Талдауды жүргізу мерзімі:** 2022 жылғы 05-17 сәуір

**Талдауды жүргізу кезеңі:** 2021 жылдың қаңтар- наурыз (3 айы).

**Талдаудың мәні:**

- 1) Мүдделер қақтығысын реттеу;
- 2) Персоналды басқару;
- 3) Әкімшілік жұмыстар бөлімі;
- 4) Мемлекеттік қызмет көрсету;
- 5) Білім беру ұйымының есеп бөлімі;
- 6) Мектептің ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.
- 7) Білім беру ұйымына түскен арыз-шағымдар.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдаудағы мақсат:**

- 1) Мекеменің қызметіне ықпал ететін басқарманың ішкі нормативтік құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Мекеменің ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

«Дөң мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім беру ұйымының құзыретіне жататын функцияларды, нормативтік-құқықтық актілерді орындауға, жоспарлы құжаттарында көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, мемлекеттік қызметтер көрсетуге бағытталған іске асыру функцияларын жүзеге асыру міндетті болып табылады.

«Дөң мектеп-гимназиясы» КММ өз қызметі мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарына, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, Хромтау ауданының әкімдігінің бұйрықтары мен қаулыларына, «Дөң мектеп-гимназиясы» КММ Жарғысына, Хромтау ауданының білім бөлімінің бұйрықтарына сәйкес жүзеге асырады.

**Талданатын нысан туралы мәлімет:**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ «Дөң мектеп-гимназиясы» КММ

Мекенжайы: Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Дөң ауылы, Бейбітшілік көшесі, 50 үй.

«Дөң мектеп-гимназиясы» КММ құзыретіне жататын функцияларды, жоспарлы құжаттарды, нормативтік-құқықтық актілерді орындауға,

мемлекеттік органның жоспарлы құжаттарында көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, мемлекеттік қызметтер көрсетуге бағытталған іске асыру функцияларын жүзеге асыру мектептің негізгі міндеті болып табылады.

2020-2021 оқу жылының III тоқсанын --- білім алушы аяқтады. Барлығы 1-11 сыныптар аралығында 30 класс - комплект бар. Оның ішінде:

Мектеп алдыдаярлық сыныбында - 46 бала, 1-4 сыныптарда-241, 5-11 сыныптарда-280 білім алушы білім алуда.

Мектеп өз қызметі мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарына, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, Хромтау ауданы әкімдігінің қаулыларына, Хромтау аудандық білім бөлімінің бұйрықтарына, «Дөң мектеп-гимназиясы» КММ Жарғысына, Ішкі еңбек тәртіп ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.

### **1. Мүдделер қақтығысын реттеу.**

Талдау барысында мемлекеттік қызметте мүдделер қақтығысының фактілері анықталған жоқ.

### **2. Персоналды басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Мектептің штат саны 103 қызметкерді құрайды, оның ішінде педагогтар саны-68, (оның 10 декреттік демалыста) кіші қызметкерлер саны 35.

Мектеп директоры: Құрманов Абзал Еркінұлы.

Мектеп директоры азаматтарды жеке қабылдауын «Open space» фронт-офис түріндегі кабинетінде тұрғындарға қолайлы жағдай жасау, әкімшілік кедергілерді жою принципін ендіру түрінде жүргізеді.

«Дөң мектеп-гимназиясы» КММ 2020-2023 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілген. Аталған жоспар негізінде 2022жылдың 27 қаңтар айында өткен педагогикалық кеңесте мектеп директоры А.Е.Құрманов Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 309 қаулысы 29 тармағымен «Орта білім беру ұйымдары басшыларының ата-аналар ұжымының алдында, оның ішінде орта білім беру ұйымдарын ұстау үшін бюджеттен бөлінген қаржы қаражатының жұмсалуды жөнінде есеп беру кездесулерін өткізу» туралы таныстырылып, «Дөң мектеп-гимназиясы» КММ ұстау үшін бюджеттен бөлінген қаржы қаражатының жұмсалуды жөнінде есеп берген және хаттамаланған.

Сонымен бірге педагогтардың қызметіне қойылатын талаптар мен педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау нормалары жөнінде 2021 жылдың қаңтар, ақпан айларында кіші педагогикалық кеңестерде педагогикалық ұжыммен Қазақстан Республикасының 2019 ж. 27.12. «Педагог мәртебесі туралы» № 293-VI ҚРЗ Заңы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 ж. 11.05. №190 бұйрығымен бекітілген «Педагогикалық әдеп қағидалары» талқыланып, түсіндірме жұмыстары жүргізілген және хаттамаланған.

Көрсетілген кезеңде қызметтік этика қағидаларын бұзуына, мемлекеттік қызметте Қазақстан Республикасының заңдарына белгіленген шектеулерді сақтамауы түріндегі тәртіптік теріс қылық жасалмаған.

**Негіздеме:** талдау көрсеткендей, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін лауазымды тұлғалардың жауаптылыққа тартылу фактілері орын алған жоқ.

**Жұмыс тобының қорытындылары:**

Мектептің персоналды басқару қызметі тиісті дәрежеде жүргізіліп отыр. Педагог қызметкерлерінің қызметтік этика қағидаларын, атқарушылық тәртіпті қатаң сақтау жөніндегі ақпараттық түсіндірме жұмыстары мен педагогикалық оқуларды өткізу тәжірибесі әрі қарай жетілдірілсін.

**3. Мемлекеттік қызмет көрсету**

Талдау барысында анықталғаны: «Дөң мектеп-гимназиясы» КММ бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын жүзеге асыру бойынша Білім және ғылым министрлігімен бекітілген 6 (алты) мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Олар:

- 1) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына карамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету
- 2) "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдар арасында балалар ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету
- 3)«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету
- 4) «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету
- 5)«Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет көрсету
- 6) «Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиенушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет

Мектеп директорының 2022 жылғы 11 қаңтардағы №2/2 н/қ бұйрығымен мемлекеттік көрсетілетін қызметтің жауапты тұлғалары бекітілген. 2022 жылдың қаңтар-наурыз (3 айы бойынша) айларымен барлығы - 2 қызмет көрсетілген. Мектеп дәлізінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге арнайы стенд талаптарға сәйкес жабдыкталып, мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бойынша жанартылған. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту мақсатында жұмыс жасайтын сенім телефондары жадынама ретінде ілінген. Ұсыныстар мен шағымдар үшін арнайы дәптер ілінген. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша бұзушылық анықталған жоқ.

**Жұмыс тобының қорытындылары мен ұсынымдары:**

Талдау басқарудағы жұмыс тиісті деңгейде жүргізілетінін көрсетті.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында мекемедегі мемлекеттік көрсетілетін қызметтер Egov.kz веб-порталы арқылы электрондық форматта жүргізілуі жетілдірілсін.

#### 4. Білім беру ұйымының есеп бөлімі

#### 5. Мектептің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары» негізінде «Дөң мектеп-гимназиясы» КММ-де сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу мақсатында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы тобы құрылып, бұйрықпен бекітілген. (бұйрық №65/1. 10.09.2021ж.)

Ішкі талдау жүргізу барысында анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдарды іске асыру мерзімдерін қамтитын талдамалық анықтама әзірленген және қабылданған шаралар туралы ақпараттар мектеп сайтында орналастырылған.

«Дөң мектеп-гимназиясы» КММ психологиялық қызметінің «Сенім телефоны» және «Сенім жәшігі» қызметінің 2021-2022 оқу жылына арналған бұйрығы, жұмыс жоспары бекітілген.

«Сенім телефоны» бойынша қоңырау қабылдау кестесі мен оған жауапты тұлғаларды бекіту бұйрықтары шығарылған. «Сенім телефоны» - 41-2-25 туралы ақпарат ілінген.

Талдамалық анықтаманы қарау үшін Хромтау ауданының білім бөлімінің басшысына ұсынылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы мектептің сайтына [don.shcola@mail.ru](mailto:don.shcola@mail.ru) орналастырылады.

#### 6. Білім беру ұйымына түскен арыз-шағымдар.

Білім беру ұйымында арыз-шағымдар тіркелмеген.

**Ұсыныс:** Педагог қызметкерлерінің қызметтік этика қағидаларын, атқарушылық тәртіпті қатаң сақтау жөніндегі ақпараттық түсіндірме жұмыстары мен мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлғаларды оқыту курсынан өткізу тәжірибесі әрі қарай жетілдірілсін.

#### Жұмыс тобы

Төрағасы «Дөң мектеп-гимназиясы» КММ  
директоры:

Директордың тәрбие орынбасары  
Мектеп психологы  
Ата-аналар комитетінің төрайымы  
Ардагер ұстаз



А.Е.Курманов

Г.К.Бекова

Г.А.Митонова

У.Б.Узакова

С.К.Баярстанов